

ҚАТ МАМАНДЫҚ ҚАЙСЫ?

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



КАВКАЗДАН ҚАЗАҚСТАНҒА ТӨТЕ ЖОЛ

6-БЕТ | ШАРТАРАП



ЕЛОРДАҒА КӨШ ҚОЗҒАЛДЫ

7-БЕТ | ШАҺАР ШЕЖІРЕСІ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Алдағы бес жылдың ішінде Қазақстан цифрлық мемлекетке айналуы керек. Бұл – айқын әрі өзгермейтін мақсат. Себебі біз жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін толық пайдаланатын ел болуымыз қажет.

№94
(4838)
Сейсенбі
12 тамыз
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

Abai 180

ҰЛЫ АҚЫН ҰЛЫҚТАЛДЫ

Абай облысында кемеңгер тұлға, қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толуына арналған салтанатты іс-шара өтті. Мерейтой барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев оқып берді.

«Қадірлі қауым! Сіздерді Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толуымен құттықтаймын! Абай – төл мәдениетімізді дамытуға өлшеусіз үлес қосқан әлемдік деңгейдегі кемеңгер тұлға, халқымыздың сана-сезімін жаңғыртқан ұлы ақын. Ол жаңа әдебиетіміздің негізін қалап, дүниетанымымыздың көкжиегін кеңейтті. Өскелең ұрпақты білімпаз, еңбекқор, адал азамат болуға шақырып, ұлттың жаңа сапасын қалыптастыратын қасиеттерді кеңінен дәріптеді. Отанға деген сүйіспеншіліктің және ел мүддесі үшін қалтқысыз қызмет етудің озық үлгісін көрсетті. Оның ой-толғамдары мен өсиеттерінің өзектілігі ешқашан жоғалмайды. Сондықтан Абайды тану және таныту, шығармашылығын терең зерделеу өте маңызды. Осы салтанатты іс-шараның түпкі мәні де осында. Бұл өңір – Абаймен қатар Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұхтар Әуезов сынды ұлттың ұлы перзенттерін дүниеге әкелген киелі өлке. Мемлекет осы аймақты ұлттық құндылықтар мекені ретінде өркендетуге баса мән береді. Ұлы ойшылдың өміршең өлеңдері мен қастерлі қара сөздері әлі талай ұрпаққа рухани азық болары анық. Ұлы Абайдың аманатына адал болайық!» делінген Мемлекет басшысының құтықтауында.

Биыл аталып өткен Абайдың 180 жылдық мерейтойы ұлттық деңгейдегі мәдени-рухани оқиғаға айналды.

4



ҚЫСҚЫ МАУСЫМҒА ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

Астанада қысқы маусымға дайындық жұмысы қызу жүріп жатыр. Елорданың аумағы кеңейіп, ғимараттар мен тұрғын үйлердің саны артқан сайын жылыту инфрақұрылымдарын дамытуға ерекше маңыз беріліп отыр.

3

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСЕДІ

Бас қала әкімі Жеңіс Қасымбек 14 тамызда Алматы ауданы тұрғындарымен есептік кездесуін өткізеді.

Кездесу сағат 09:00-де басталады. Тікелей эфир сілтемесі: Алматы ауданы әкімдігі (www.facebook.com/share/1GVSQP5FGe/?mibextid=wwXIfr). Өтетін орны: әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайы, Б.Момышұлы даңғылы, 5.


Жапонияның Осака қаласында өтіп жатқан Дүниежүзілік EXPO-2025 көрмесінде Астана қаласының туристік әлеуеті таныстырылды. Астана қаласы әкімдігінің таныстырылымында басты символ – киіз үй көрсетілді.

ОСАКА ТӨРІНДЕ – АСТАНА

«Біз киіз үйді толықтай дала өмірінің дәстүрлерін, эстетикасы мен философиясын сіңірген кеңістік ретінде әкелдік» деп атап өтті Астана қаласы Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының басшысы Халел Әкімжанов.

Сондай-ақ EXPO үшін арнайы жасалған бірегей арт-объектілер: «Шаңырақ» кинетикалық инсталляциясы, «Дастархан» – ағаштан ойылған инсталляция, «Қарлығаш ұясы» – әйел күші мен қамқорлық инсталляциясы көрермен назарына ұсынылды. «Естелік осі» мүсін арт-перформансы мен Dala брендінің Samal топтамасы да көрмеге келушілердің көңілінен шықты. Осакадағы халықаралық көрмедегі Қазақстан күні аясында өткен Астана таныстырылымы қазақ елордасының заманауи келбетін көрсетті.

МҰҚАТАЕВ – МЫҚТЫ!



Таиланд астанасы – Бангкокта World Boxing ұйымы бірінші рет өткізген бокстан жасөспірімдер мен жастар арасындағы Азия чемпионатында астаналық боксшы Темірлан Мұқатаев жеңімпаз атанды.

Бангкок шаршы алаңында қыздар және ерлер арасында 19 жасқа дейінгі жасөспірімдер және 22 жасқа дейінгі жастар арасындағы екі жарыс қатар өтті. U19 санатында Қазақстан боксшылары 2 алтын, 5 күміс, 6 қола медаль алса, U22 санатында 5 алтын, 4 күміс медаль иеленді. 22 жасқа дейінгі жастар арасындағы Азия чемпионатында Қазақстан құрамасы сапында өнер көрсеткен Темірлан Мұқатаев (90 келі) барлық қарсыласынан басым түсіп, құрлық чемпионы атанды. Сондай-ақ қыздар арасындағы жарыста елордалық Ақбота Есімбекова қола жүлдеге қол созды. Командалық есепте Өзбекстан құрамасы бірінші орыннан көрінсе, Қазақстан екінші, Қытай боксшылары үшінші орынға табан тіреді.

№94 (4838) 12/08/2025 Сейсенбі



ҚАЗАҚСТАН ЦИФРЛЫ МЕМЛЕКЕТКЕ АЙНАЛАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен жасанды интеллектіні дамыту мәселелері жөнінде кеңес өтті. Кеңеске Премьер-министр Олжас Бектенов, Президент Әкімшілігінің басшысы Айбек Дәдебай, Үкімет мүшелері, орталық мемлекеттік органдардың жетекшілері қатысты.

Президент қазір дүние жүзінде жасанды интеллектінің қарқынды дамуына байланысты сипаты мүлде жаңа технологиялық өзгерістер болып жатқанын атап өтті.

– Бұл технология әлемдегі барлық елдің дамуына тікелей әсер етуде. Қазір онсыз жаһандық бәсекеге төтеп беру мүмкін емес. Озық технологиялар ұлт дербестігінің кепіліне, экономикалық өсімнің қозғаушы күшіне айналуда. Біз жасанды интеллект саласында бірқатар жетістікке қол жеткіздік, бірақ босаңсуға болмайды. Осы стратегиялық бағытта табанды жұмыс істеуіміз керек. Бұл жұмысқа мен ең маңызды басымдықтың бірі ретінде қараймын. Біріккен Ұлттар Ұйымының Сауда және даму жөніндегі конференциясының (UNCTAD) болжамы бойынша 2033 жылға қарай жасанды интеллект нарығының ауқымы 4,8 триллион долларға жетуі мүмкін. Ал оның ғаламдық технологиялық индустриядағы үлесі 7 пайыздан 29 пайызға дейін артады. Бұл, әрине, теңдесі жоқ өсім болмақ. Жасанды интеллект дамудың жаңа мүмкіндіктеріне кеңінен жол ашады, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, қазір бұл саладағы бәсеке күшейді.

– Биыл шілде айында АҚШ Президенті Дональд Трамптың Әкімшілігі «America's AI Action Plan» стратегиясын жариялады. Онда жасанды интеллект АҚШ-тың технология, экономика және қорғаныс салаларында көшбасшы ел болып тұруына қажетті аса маңызды құрал ретінде қаралған. Мамандарымыз осы және басқа да құжаттарды мұқият зерделеп, нақты қорытынды жасауы керек. Ал Қытай Жасанды интеллект саласындағы ынтымақтастықты дамыту жөніндегі жаһандық ұйым құру туралы бастама көтерді. Мақсат – жасанды интеллектіні басқаруға арналған көпжақты тәсілдерді ілгерілету, сондай-ақ цифрлық алшақтықты жою, жасанды интеллектіні тұрақты қолдану және оны пайдалану этикасын қалыптастыру. Қытайдың мұндай ұйым құру туралы ұсынысын қолдау керек деп ойлаймын. Дайындық іс-шараларына атсалысу қажет. Бұл – еліміздің мүддесі. Қазақстанның негізгі мақсаты – Еуразиядағы цифрлық хабқа айналу. Ол үшін нақты іске көшу керек. Әр мәселеге жүйелі түрде қарап, батыл шешімдер қабылдап, оның орындалуын қатаң бақылауға алу қажет. Мен бұған дейін бірыңғай ұлттық цифрлық экожүйе құру ісін тездету туралы айттым. Қажетті инфрақұрылымды дайындап, заңнамалық негіз бен мәліметтерді жинау жүйесін әзірлеп, жасанды интеллектіні енгізу жұмысын бастауды тапсырдым. Бірақ бұл тапсырмалардың орындалу барысы мәз емес, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы жасанды интеллект барлық саланың қозғаушы күші болуға тиіс деп санайды. Оның пікірінше, ЖИ – еліміздің инновациялық дамуының, цифрлық дербестігінің тірегі.

– Алдағы бес жыл ішінде Қазақстан цифрлық мемлекетке айналуы керек. Бұл – айқын әрі өзгермейтін мақсат. Себебі біз жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін толық пайдаланатын ел болуымыз қажет. Осы биік мақсатқа жету үшін стратегиялық бағдарымызды айқындап алған жөн. Әрбір қадамды мұқият ойластырып, алдын ала шұғыл шаралар қабылдауымыз керек. Қазір мемлекеттің цифрлық саясатқа қатысты ұстанымдарын қайта қарайтын кез келді. Жаһандық технологиялық бәсеке күшейіп, жасанды интеллектінің дамуы қарқын алған кезеңде бізге жан-жақты әрі жүйелі әрекет етуге мүмкіндік беретін кешенді бағдарлама керек. Үкімет Стратегиялық жоспарлау агенттігімен бірлесіп, жасанды интеллектіні дамыту және еліміздің цифрлық трансформациясы туралы жүйелі құжат әзірлеуге тиіс. Бұл іске халықаралық компаниялар мен беделді сарапшыларды тарту қажет. Құжат прагматикалық тұрғыдан барынша жетік, айқын әрі алдағы жұмысымыздың бағыт-бағдары ретінде қызмет етуге тиіс. Онда жасанды интеллектіні дамыту және қолданудың барлық аспектісіне қатысты кешенді шаралар қамтылуы қажет. Ол экономика мен мемлекеттік секторға аталған технологияны енгізу тұрғысынан нақты әрі түсінікті болуға тиіс. Құжаттың міндеті – еліміздің бәсекеге қабілетін арттыруға және жаңа индустрияларды құруға ықпал ету. Сонымен қатар жаппай оқыту бағдарламалары мен кадрларға сұранысты болжау арқылы еңбек нарығындағы трансформацияны басқаруға назар аударған жөн, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттің цифрлық саясатына арқау болатын тоғыз басым бағытқа жеке-жеке тоқталды.

– Жасанды интеллектіні экономиканың нақты секторына енгізуді қолға алу қажет. Бұл – күрделі, бірақ өмірлік маңызы бар міндет. Өйткені экономиканы түбегейлі жаңғыртуға, еңбек өнімділігін арттыруға септігін тигізеді. Ол үшін, ең алдымен, ірі кәсіпорындармен ықпалдастықты жолға қойған жөн. Үкімет «Самұрық-Қазына» қорымен бірге жыл соңына дейін жасанды интеллектіні өндірістік үдерістерге енгізіп, экономикалық тиімділігін көрсететін нақты үлгілер ұсынуға тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Президент мемлекетті басқару саласын одан әрі цифрландыру ісін екінші басымдық ретінде атады. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, жасанды интеллект мемлекеттік органдардың жұмыс тиімділігін арттырады. Мемлекет басшысы жасанды интеллектінің өте қарқынды дамып бара жатқанынан байланысты өскелең ұрпақтың жасанды интеллектіні дұрыс қолдана білуі маңызды екенін ескертті.

Кеңес барысында Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев, Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев, Ішкі істер министрі Ержан Сәденов баяндама жасады. Сонымен қатар талқылауға Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ермек Сағымбаев, Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр, Премьер-министрдің орынбасарлары Ермек Көшербаев пен Қанат Бозымбаев, Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова, Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының басқарма төрағасы Нұрлан Жақыпов, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбай қатысты.

ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРДЫ МАРАПАТТАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ақордада халықаралық пән олимпиадалары жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттады.

Іс-шараға 24 лауреат, атап айтқанда, 4 алтын, 11 күміс және 9 қола медаль иегері шақырылды. Оқушылар химия, математика, физика, география, информатика және биология пәндерінен үздік нәтиже көрсеткен.

Президент жастарды, ең алдымен, білім әлеміндегі жеңістерімен құттықтап, шынайы ризашылығын білдірді. Олардың халықаралық беделді білім сайыстарында топ жарып, Қазақстанның кеттің арқасында осындай биікке шығып жатсыздар. Расында, дарынға ие болу, бұл – бақыт. Бірақ жай ғана еңбексіз дарын жетістіктің кепілі бола алмайды. Дарынның көзін ашу керек және оны толығымен пайдалана білу қажет. Әр жеңіс, әр медаль тынымсыз ізденіспен, маңдай термен, үздіксіз дайындықпен келеді, – деді Мемлекет басшысы.

Президент шәкірт қабілетін ұштаған ұлағатты ұстаздар мемлекеттік марапатқа лайық сындағы беделіміз де артып келе жатыр. Былтырдан бері оқушыларымыз 30-дан астам халықаралық олимпиада мен ғылыми жарысқа қатысып, мыңға жуық медаль алды. Оның 200-ге жуығы – алтын, 300-ден астамы – күміс, 500-ге жуығы – қола медаль. Бұл тамаша көрсеткіш Қазақстандағы білім сапасының деңгейі жоғары екенін көрсетеді. Тағы да қайталап айтамын, біз әлемдік жарыста ел намысын қорғаған әр жеңімпаздарды мақтан тұтамыз. Сіздерді еліміздің бетке ұстар, лайықты азаматтары деп санаймын. Болашақта да Қазақстанның одан әрі дамуына қомақты үлес қосатындарыңызға кәміл сенемін, – деді Президент.



атын әлемге паш етуін зор жетістік ретінде бағалады.

– Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шығу, әлемдік жарыста жеңіске жету оңай емес. Білімге деген ұмтылыстың, нағыз еңбекқорлық пен табанды іс-әрекеенін жеткізіп, озық ойлы ұрпақ тәрбиелеген ата-аналарға алғыс айтты.

– Жастарымыз жаһандық спорт және өнер додаларында жеңімпаз атанып, туымызды желбіретіп жүр. Білім саласындағы беделіміз де артып келе жатыр. Былтырдан бері оқушыларымыз 30-дан астам халықаралық олимпиада мен ғылыми жарысқа қатысып, мыңға жуық медаль алды. Оның 200-ге жуығы – алтын, 300-ден астамы – күміс, 500-ге жуығы – қола медаль. Бұл тамаша көрсеткіш Қазақстандағы білім сапасының деңгейі жоғары екенін көрсетеді. Тағы да қайталап айтамын, біз әлемдік жарыста ел намысын қорғаған әр жеңімпаздарды мақтан тұтамыз. Сіздерді еліміздің бетке ұстар, лайықты азаматтары деп санаймын. Болашақта да Қазақстанның одан әрі дамуына қомақты үлес қосатындарыңызға кәміл сенемін, – деді Президент.

ӘЗЕРБАЙЖАН ПРЕЗИДЕНТІН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Ильхам Әлиевті АҚШ Президенті Дональд Трамптың белсенді әрі тиімді атсалысуымен Вашингтонда Әзербайжан мен Армения арасындағы қақтығысты бейбіт жолмен реттеу туралы тарихи декларацияға қол қойылуымен құттықтады.

Қасым-Жомарт Тоқаев аталған құжатқа халықаралық құқық қағидаттары мен БҰҰ жарғысына сәйкес қол қойылғанын атап өтті. Тиісінше, бұл Әзербайжан мен Арменияның стратегиялық мүдделеріне толығымен сай келеді, сондай-ақ Кавказда халықаралық ынтымақтастықтың жан-жақты дамуына ықпал етеді. Қазақстан Әзербайжанның стратегиялық серіктесі ретінде өңірде көптен күткен бейбітшіліктің орнауын шын ниетпен қолдайды.

Мемлекет басшысы Астананың алдағы уақытта келіссөзге арналған алаң ұсынуға дайын екенін растады. Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Ильхам Әлиевтің көшбасшылығымен Әзербайжанның халықаралық аренада абырой-беделі арта түскенін атап өтті.

Мемлекеттер басшылары жоғары деңгейдегі байланысты одан әрі жалғастыруға уағдаласты.

Әзербайжан Президенті Қазақстан Президентінің құттықтауына ризашылық білдіріп, ұзақ жылдарға ұласқан нәтижесіз келіссөздерден кейін осындай келісімге келудің тарихи маңызы зор екеніне назар аударды. Ильхам Әлиев өз елінің Қазақстанмен сан қырлы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мүдделі екенін жеткізді.

БЕЙБІТШІЛІК – БАСТЫ ТҮЙІН

Украина тарапының бастамасымен Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Президент Владимир Зеленский телефон арқылы сөйлесті деп хабарлайды Ақорданың баспасөз қызметі.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ халқының украин халқына, оның тарихына, мәдениетіне және тіліне ерекше құрметпен қарайтынын атап өтті.

Мемлекет басшысы Қазақстанның Украинада халықаралық құқық қағидаттары негізінде бейбітшілік орнауына сөзсіз мүдделі екенін жеткізді. Атап айтқанда, Президент Астананың әуел бастан әділдік негізінде бейбітшілік формуласын бірлесе іздеуді жақтағанын, БҰҰ Жарғысын, мемлекеттердің егемендігі мен аумақтық тұтастығына қолсұқпаушылық қағидатын сақтау туралы жүйелі түрде пікір білдіргенін еске салды.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, қазіргідей өте күрделі жағдайда Украина мемлекеттілігін сақтау мен қорғауды қамтамасыз ете отырып, қақтығысты байыпты түрде шешу маңызды. Мемлекет басшысы тараптар «Жанжалдан, жаман болса да, бітім артық» деген көнеден келе жатқан дәналыққа сай әрекет етуге тиіс деп санайды.

Қазақстан Президенті территориялық түйткілдің күрделі екенін түсінетінін айтты. Бұл – халықаралық қатынастардағы ең қиын мәселе. Көбіне бейбітшілік туралы келісімге қол жеткізу, тіпті бітімге келу жолында еңсерілуі қиын кедергіге айналады. Бірақ қазіргі ең басты міндет – қауіпсіздігіне халықаралық кепілдік беру арқылы Украина елінің мемлекеттілігін сақтау.



ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ

Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр, Энергетика министрі Ерлан Аққенженов, Премьер-министрдің кеңесшісі Ермек Маржықпаев және Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек елордадағы негізгі жылумен қамту нысандарын тексерді.

Энергия көздеріне қатысты 2 қазандық пен 2 турбинаға күрделі жөндеу, ал 18 қазандыққа ағымдағы жөндеу жүргізу жоспарланған. Жөндеу жұмысы қатаң түрде кестеге сай жүріп жатыр. Сол сияқты қазіргі уақытта «Астана-Теплотранзит» АҚ аясында қаланың жылу желісінің 1,5 км-ның 1,2 шақырымы жөнделді, ал 4,1 км желі реконструкциядан өтті.

– «QazaqGazAimaq» АҚ-ның инвестициялық бағдарламасы аясында газ тарату желісінің 5 учаскесіндегі шеңберлік қосылым құрылысына арналған құрылыс-монтаж жұмысы, сондай-ақ Тельман тұрғын алабы және басқа да аумақтарда ұзындығы 16,3 шақырымды құрайтын төмен қысымды газ тарату желісінің құрылысы жүргізіледі. Осыған дейін 3-ЖЭО-ның бірінші кезеңі, сондай-ақ «Тұран» және «Оңтүстік-Шығыс» газ жылу станцияларының іске қосылуының арқасында қаланың жылу қуаты 30 пайызға артты. Аталған нысандар қалаға сағатына қосымша 1100 Гкал жылу қуатын беріп отыр, – деді Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек.

Қала әкімінің айтуынша, биыл «Тұран» станциясының екінші кезеңін аяқтау жоспарланып отыр. Сондай-ақ «Тельман» станциясының құрылысы жалғасып, 2-ЖЭО нысанын кеңейту жұмысы басталады, сол сияқты «Оңтүстік-Батыс» газ жылу станциясының жобалау кезеңі қолға алынады. Осы жобалардың бәрін іске асыру 2035 жылға дейін жоспарланған жылу энергиясы қорын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек, 3-ЖЭО нысанының бірінші кезеңін резервтік отын көздерімен қамтамасыз ету жұмысы жүріп жатыр. 3-ЖЭО табиғи газбен жұмыс істейді және сағатына 440 Гкал көлемінде ең жоғары қуат өндіреді. Берілетін жылу энергиясы елорданың оңтүстік-батыс бөлігінің қажетін өтеуге мүмкіндік береді.

– «Арай» қосалқы станциясының құрылысы жүріп жатыр. Оның іске қосылуы биылға жоспарланған. Бұл қосалқы станция Ұлы дала даңғылы мен Ш.Айтматов көшесінің бойындағы қаланың оңтүстік-батыс бөлігін электрмен жабдықтайды. Сонымен қатар «Астана-РЭК» АҚ инвестиция бағдарламасына 54,6 км әуе және кабель желілеріне, 73 трансформаторлық қосалқы станция мен тарату пункттеріне күрделі және ағымдағы жөндеу жұмысы кіреді, – деді елорда әкімі.

ЕКІ КӘСІПТІ МЕҢГЕРДІ

Елордада жұмыссыз тұрғындардың екі қолға бір күрек тауып, қаржы жағдайын жақсартуына мүмкіндік беретін Joltap жобасы жалғасып жатыр. Нәтижесінде қатысушылар жұмысқа орналасып, тіпті өз кәсібін бастап жатқандар да бар.



Елорда тұрғыны, үш баланың анасы Рина Арыстанәлиева бүгінде өзінің тігін шеберханасын ашып, кәсіпкерлікпен айналысып жүр. Ол Joltap жобасы аясында екі бірдей курсты сәтті аяқтаған.

«Мен жоба туралы әлеуметтік желіден көріп қалдым. Маған жобаға тек жастар ғана емес, 50 жасқа дейінгі адамдардың қатыса алатыны бірден ұнады. Содан ол туралы толығырақ біліп, «Kaspi-дегі сауда негіздері» курсына жазылдым. Онда өнімдерді онлайн-сатуды үйреніп, жалпы платформамен жұмыс істеуді меңгердім» дейді ол.

Рина Арыстанәлиева 2024 жылдың қазан айында өзінің «Rina» атты тігін шеберханасын ашқан. Ол ательедегі жұмыстың сапасын арттыру үшін жоба бойынша «Модельер-конструктор» курсына жазылған.

– Жоба бірнеше курсты таңдауға мүмкіндік берді. Онлайн-сауда негіздерін меңгерген соң, киім пішу мен модельдеу туралы толығырақ білуді қаладым. Содан «Модельер-конструктор» курсына қатыстым. Онда біз 15 күн бойы киім үлгілерін пішіп, қиып, тіпті нақты тапсырыстармен жұмыс істедік. Осылайша өзімнің кәсіби шеберлігімді арттырдым. Ательье ашу менің бала күннен бергі арманым еді, қазір өзімнің сүйікті ісімді кәсіпке айналдырдым. Жоба аясында өткен курстар жұмыс сапасын арттыруға көмектесті, – дейді ол.

Астаналық кәсіпкер алдағы уақытта жоба аясында тағы бір курсты оқуды жоспарлап отыр.

«Осы уақытқа дейінгі оқыған курстарда сабақтар өте мазмұнды болды. Жаңадан меңгерген әдістерді бірден өз ісімде пайдалана бастадым. Жақында «Тігінші» курсына жазылдым. Осылайша бүкіл өндіріс процесін жақсы түсініп, командамен жұмысты оңтайландырғым келеді. Жалпы бұл жоба маған қатты ұнады. Ол маған тек жаңа білім ғана емес, шығармашылық шабытымды арттырды. Кәсіпкерлікте әрқашан даму және тәжірибе алмасу маңызды. Сондықтан алдағы уақытта, мүмкіндік болса, білімімді арттыра беремін деп ойлаймын» дейді Рина Арыстанәлиева.

Еске салайық, Joltap қысқа мерзімді оқыту бағдарламасы 18-50 жас аралығындағы Астана тұрғындары үшін қолжетімді. Оқудан кейін қатысушыларға сертификат беріледі. Ал түлектердің кандидатуралары Jumystap Telegram-ботында тегін жарнамаланады.

ӘР ЗАТ – ЖӘШІККЕ, КӨМЕК – ЖҮРЕККЕ

Астана қаласы Алматы ауданы әкімдігінің бастамасымен қолға алынған «Аружан» сауда орталығындағы «Мейірімділік жәшігі» шарасы тұрғындар тарапынан жақсы қолдау тапты.

Акция басталғалы бірнеше ай ішінде 27 рет толықтай жиналған заттар қабылданды. Тұрғындар тапсырған барлық зат өмірде қиын жағдайға тап болған адамдарға көмек ретінде Астана қаласының Әлеуметтік қорғау басқармасына жолданып, одан әрі «Демеу» ресоциализация орталығына беріледі. Осы көрсеткіштердің артында жүздеген адал іс, жылы жүрек пен алғысқа толы көзқарас бар. Акцияға қатысу арқылы тұрғындар зат қана емес, жылулық пен қамқорлығын да бөлісіп, көптің жақсылыққа сенімін арттыруда. Алматы ауданы әкімдігі шараға қатысқан әрбір жанға шын жүректен алғыс айтуда. Ал «Мейірімділік жәшігі» жұмысын одан әрі жалғастыруда.

ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫН ТАНЫСТЫРДЫ

Astana Invest фронт-офисінде Астана қаласы Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының басшысы Халел Әкімжанов, «Astana Invest» басқарма төрағасының орынбасары Әуез Тыныбековтің жетекшілігімен қытайлық Weifang Changda Construction Group компаниясының басшылығымен кездесу өтті.

Кездесу барысында инвесторларға қала экономикасының әртүрлі секторындағы перспективалық бағыттары мен тиісті мемлекеттік қолдау шаралары айтылды. Өз кезегінде Weifang Changda Construction Group өкілдері өз қызметінің негізгі бағыттарымен таныстырды. Ол: құрылыс, жылжымайтын мүлікті дамыту, муниципалды құрылыс, бау-бақша аумақтарын абаттандыру, сәулеттік безендіру, жалға беру, халықаралық, экономикалық және техникалық ынтымақтастық, сондай-ақ жобалау және дизайн саласындағы ғылыми зерттеулер жүргізу бағыттары. Компания сауда-ойын-сауық орталықтарын, мектептер, саябақтар және басқа да әлеуметтік маңызы бар нысандар салуды қоса алғанда, ірі инфрақұрылым жобаларын іске асыруға қатысу үшін ҚР нарығына шығуға қызығушылық білдірді.

Weifang Changda Construction Group – 300-ден астам маңызды нысанды іске асырған және БАӘ, Қатар, Таиланд және басқа елдерде жұмыс тәжірибесі бар Қытайдың ең ірі құрылыс компанияларының бірі.



АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...

«BEELINE», СЕНДЕ БЕТ БАР МА?

Соңғы уақытта қазақстандық ұялы байланыс абоненттері ұялы операторлардың тариф бағасын негізсіз көтеріп жатқанын жиі айтып жүр. Әсіресе «Beeline Қазақстан» қызметін пайдаланушылардың наразылығы күшейді.

Қалиақбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Бірқатар тұтынушының айтуынша, компания ешқандай ескерту жасамастан немесе үстеме қызмет қоспастан, ай сайынғы абонент төлемін бірнеше мың теңгеге көтеріп жіберген. Бұл жағдайды байқап, себеп сұраған абоненттер «инфляция» мен «нарықтағы өзгерістер», «шарттар өзгерді» деген жалпылама жауаптан басқа ешқандай нақты түсініктеме ала алмапты. Ал қызығы – интернет жылдамдығы мен байланыс сапасында айтарлықтай өзгеріс жоқ. Керісінше, кей өңірлерде желі үзілуі мен интернеттің баяулауы жиілеп кеткен. «Бағаны көтердің бе – қызметіңді де соған сай қыл» деп реніш білдірушілер көбейіп отыр.

– Бұрын отбасы тарифі бойынша айына 12999 теңге төлейтінмін, көктемде еш себепсіз 14390 теңгеге көтерді. Оған да үндемеп едік, тамызда 19990 теңгеге бір-ақ көтерді. «Beeline» орталығына барып шу шығарып, арызданам деп едім, 6 айға дейін 14390 теңге төлей беріңіз деп «жеңілдік» жасағансып шығарып салды. Қымбаттағанына қарай интернет сапасы жақсарса мейлі ғой, бірақ интернет бұрынғыдан да баяу. Мұны қалай түсінеміз? Сонда бұлар бағаны өз бетінше өсіре бере ме? – дейді Әлімхан Жұмабек.

«Алдында айына 3990 теңге төлейтінмін, енді еш себепсіз 4490 теңгеге көтеріпті. Бірақ интернет бұрынғыдан да баяу» дейді Дана есімді елордалық көпбалалы ана.

Заңгерлердің айтуынша, ұялы оператор тарифті өзгерткен жағдайда, кемінде 30 күн бұрын тұтынушыны хабардар етуге міндетті. Егер ескерту жасалмаса, бұл – тұтынушы құқығын бұзу.

Қазір Қазақстандағы байланыс нарығында үш ірі оператор – «Kcell», «Tele2» және «Beeline» басымдыққа ие. Монополияға қарсы органдардың мәліметінше, соңғы екі жылда мобильді байланыс тарифі орта есеппен 15-20%-ға қымбаттаған. «Beeline Қазақстан» өз кезегінде тарифтердің қымбаттауын «инфрақұрылымды жаңарту» және «технологиялық шығындардың өсуімен» түсіндіреді. Дегенмен тұтынушылардың көбі бұл уәжді қабылдай қоймайды. Биыл жыл басында Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті «Beeline» ұялы байланыс операторы қызметінде бірқатар заң бұзуды анықтады.

«Талдау нәтижелері көрсеткендей, «Beeline» тұтынушыларға үй интернетінің жылдамдығын таңдау мүмкіндігін шектеп, 100 Мбит/с-тан жоғары жылдамдықтағы интернетті ұсынған. Бұл өз кезегінде бағаның жасанды түрде қымбаттауына және тұтынушылар құқығының бұзылуына алып келді» делінген хабарламада.

Халықтың қалтасы қалыңдап жатқан жоқ. Керісінше, қымбатшылық қысып тұрғанда, әрбір теңгені есептеу маңызды. Сондықтан байланыс операторлары тариф саясатын қайта қарастырып, халықпен ашық диалог орнатуы қажет. Әйтпесе «Beeline», сенде бет бар ма?» деген реніште сұрақтың арғы жағында абоненттердің сенімінен айырылу қаупі тұр.

№94 (4838) 12/08/2025 Сейсенбі





АСТАНАДАҒЫ АБАЙ ТОЙЫ

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Мағжан ақынша айтқанда, «Бір сөзі мың жыл жүрсе, дәмі кетпес» ұлы Абайдың 180 жылдық мерейтойы ел тойына айналды. Дауылпаз ақын Қасым Аманжоловша толғасақ, Абай «Бізбен бірге бүгінге келіп, бізбен бірге болашаққа аттанды». «Қазақтың бас ақынының» (Ахмет Байтұрсынұлы) әндері мен жырлары Алтай мен Атырау арасында әуелеп, дана ойлары дала мен қаланы кезіп кетті. Астананың өзінде жыл басталғалы 140-тан астам іс-шара өткізу жоспарланған. Соның негізгілері осы айдың басынан ұйымдастырылды. Ал шарықтау шегіне 10 тамыз – Абай күні жетті.



ҰЛЫ АҚЫН РУХЫНА ТАҒЗЫМ

Астанадағы Абай ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсіміне Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев, Астана қаласы әкімінің орынбасары Ерік Мейірханов, қалалық мәслихат төрағасы Табиғат Зейнұлқабден, қаланың Қоғамдық кеңесінің төрағасы Зулфухар Ғайыпов, қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Есілов, зиялы қауым өкілдері, жастар, қоғам белсенділері және шаһар жұртшылығы қатысты. Іс-шара барысында ұлы ақынның әндері әуелеп, күйлері күмбірледі. Атап айтқанда, Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның әншісі, Мәдениет саласының үздігі Данияр Мұқан өнер көрсетті. Хакімнің кейін табылған күйлерінің бірі «Абайдың Ақтолқыны» аталады. Оны Қытай елінен белгілі күйші, өнертану ғылымдары бойынша PhD докторы Ардаби Мәулет тапты. Ескерткіш басында осы күй де тартылды.

ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР ҮЛЕСІ

Дәл осы жерде Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының 100-дей зейнеткері әсерлі әдеби-сазды кеш ұйымдастырды. Аспан астында олар «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай», «Ғылым таппай мақтанба» сынды шығармаларды ұсынды.

«Абай мұрасы – жай ғана оқулық беттеріндегі сөз емес, бұл – ұрпақтарды жалғайтын рухани арқау, тәрбиелейтін және шабыт беретін күш. Мұндай іс-шаралар арқылы ақынның шығармашылығын еске аламыз және қазақ жерінің ұлы перзентімен мақтанамыз» деді Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы әлеуметтік қызметтерді ақпараттық ілгерілету бөлімінің басшысы Меруерт Қайыртасқызы.

5000 ОҚУШЫ «ЖЕЛСІЗ ТҮНДЕ ЖАРЫҚ АЙДЫ» ӘУЕЛЕТТІ

№101 орта мектепте елорданың 5000-ға жуық оқушысы «Желсіз түнде жарық ай» әнін бірге орындады. Рухани іс-шараның мақсаты – қазақстандықтарды Абай Құнанбайұлының мерейтойымен құттықтап, ұлы ақынның шығармашылық мұрасын кеңінен насихаттау. Бұл іс-шараға елордадағы №17, 45, 59, 71, 78, 79, 87, 89, 90, 97, 99, 100, 101, 111 мектептерінің оқушылары, сондай-ақ №1 балалар музыка мектебі, Роза Бағланова атындағы №2 балалар музыка мектебі, Ермек Серкебаев атындағы №3 балалар музыка мектебі, Тәттімбет атындағы №1 балалар өнер мектебі, №2 балалар өнер мектебі және Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайының тәрбиеленушілері қатысып, ақынның танымал әнін асқақтата шырқады. Бес мыңға жуық оқушының бәрі «Абай – 180 жыл» деген жазуы бар футболка киіп, әнді орындап біткен кезде қолдарына ұстаған көк қағаздарды көтеріп, жоғарыдан қарағанда көрінетіндей етіп «Абай» деген жазуды шығарды. Ал Есіл өзенің жағалауында «ашық микрофон» ұйымдастырылып, қала тұрғындары ұлы ақынның шығармаларын оқыды. Іс-шарада оның өлеңдерінен, «Қара сөздерінен» және әндерінен үзінділер орындалды.

ДОМБЫРА САЛТАНАТЫ

Астана қаласының Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының қолдауымен Арбатта және «Нұржол» бульварында Домбыра Party өтті.

Алғашқы іс-шараға Астана тұрғындарымен қатар, қала қонақтары белсенді қатысты. Ұлттық киім киген, домбырамен күй шерткен, өлең шумақтарын жатқа оқыған қатысушылар рухани кештің сәнін келтірді. Атап айтқанда, қатысушылардың арасынан ақын Қабиден Қуанышбай табылып, өлең оқыды. «Көруғлы» күйінің ерекше нұсқасы тартылды.

Есіл ауданы әкімдігі қолдау көрсеткен екінші домбыра салтанатында қазақтың қара домбырасымен Абайдың әндері шырқалып, күмбірлеген күйлер төгілді. Қала тұрғындары мен қонақтары еркін форматта өткен кешке белсене қатысып, ұлттық аспаптың үніне құлақ түріп, өздері де ән шырқап, күй шертуге мүмкіндік алды.

«Семейде өткен той – тек бір өңірдің емес, күллі халықтың қуанышы. Бүгінгі Домбыра party кеші арқылы елорда жұртшылығы да өз тарапынан Абай рухына тағзым етіп, оның өсиет сөздерін, ән-күйлерін ел болып еске алуда. Бұл – рухани сабақтастықтың белгісі» деді іс-шараны ұйымдастырушы Алмас Алтай.

ХАКІМ МҰРАСЫ – ҰРПАҚҚА ӨНЕГЕ

Астанадағы Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиясында ұлы Абайдың құрметіне арналған «Абай мұрасы – ұрпаққа өнеге» атты мерекелік кеш өтті. Іс-шара Абай күнін ұлықтап, жас ұрпақтың ақын мұрасына деген қызығушылығын арттыруды мақсат етті.

«Абай Құнанбайұлы атындағы біздің мектеп жыл сайын ақынның туған күніне орай іс-шаралар өткізеді. Биыл хакімнің 180 жылдық мерейтойын атап өтуді жылдың басынан бастадық. Бүгінгі мерекелік іс-шара – соның жалғасы. Абай күні – ұлттың интеллектуалды рухын көтеретін, ұрпақты руханиятқа үндейтін, қазақ болмысының алтын арқауы іспетті тағылымды мереке» деді Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназияның директоры Айгүл Қашаева.

Бұл салтанатты кеш – ұлы ақынның дүниеден өткеніне 10 жыл толуына орай Нәзипа Құлжанова ұйымдастырған алғашқы әдебиет кешінен бастау алған дәстүрдің заңды жалғасы болды. Концерттік бағдарламада оқушылар мен ұстаздар Абайдың өлеңдерін, қара сөздерін оқып, әндерін шырқады. Сондай-ақ оқушылар ақынға жыр жолдарын арнады. Көрермендер ақын өмірі мен шығармашылығына арналған танымдық сұрақ-жауап ойынына қатысып, белсенділік танытты. Жеңімпаздарға естелік сыйлықтар берілді.

ҰЛТТЫҚ САНА-СЕЗІМДІ ОЯТАТЫН ЧЕЛЛЕНДЖ

Елорданың мәдениет қызметкерлері ұлы Абайдың 180 жылдығына арналған ауқымды челленджді қолдады. Ерекше мәдени эстафета елордалықтардың бастамасымен басталып, әлеуметтік желілерде кеңінен таралды. Бұлардың қатарында белгілі ақын Мақпал Мыса, «Жастар» сарайының еңбек ұжымы, елорданың Мәдениет басқармасының өкілдері, «Жастар» театры мен Әзірбайжан Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия театрының әртістері бар. Қатысушылар Абайдың өлеңдерін оқып, әндерін орындап, бейнероликтер түсіріп, репертуарларындағы «Абай – Тоғжан», «Жас Абай» сияқты қойылымдардан үзінділерді әлеуметтік желілерде бөлісіп, барша қазақстандықтарды оның рухани мұрасына үн қосуға шақырды. Челленджді елорда спортшылары да қолдап, Абай туындыларын насихаттады.

«Бұл бастама – бірлікке, ұлттық сана-сезімді оятуға жасалған шынайы үндеу. Ақпарат жылдам таралатын цифрлық дәуірде осындай мәдени акциялар ерекше маңызға ие. Олар жас ұрпаққа ұлы есімдерімізді, құндылықтарымызды, бай мұрамызды еске салып қана қоймай, сол мұрамен өмір сүру қажеттігін ұқтырады. Осындай іс-шараларды біз ойшылдың мерейтой жылында көбірек өткізуді жоспарлап отырмыз» дейді қалалық Мәдениет басқармасының мәдениет және өнерді дамыту бөлімінің басшысы Ақерке Жұманбаева.

РУБИК ТЕКШЕСІНДЕГІ АБАЙ БЕЙНЕСІ

«Mega Silk Way» сауда және ойын-сауық орталығында ерекше арт-инсталляция ұсынылды. Шығармашылық жоба аясында ақынның бейнесі 3000 рубик текшесімен құрастырылды. Биіктігі 3 метр, ені 2 метр болатын портретті жастар небәрі 5 сағатта жинап шықты. Жобаның бастамашысы Әлихан Ертұрсынның айтуынша, рубик текшесі логика мен шығармашылықты біріктіретін өнер туындысына айналды.

«Осы арқылы ұлттық болмысты заманауи тәсілмен жеткізуді мақсат еттік» деді ол.

Жалпы «Абай әлемі» атты мәдени бағдарлама екі күн бойы көрерменді поэзиялық кештермен, шығармашылық қойылымдармен қуантты. Келушілер жастардың креативтілігіне жоғары баға беріп, ұлттық мұраға құрметті айқын сезінді. Ұйымдастырушылардың пікірінше, бұл жоба – Абай мұрасын жаңаша танытуға арналған тың қадам. Мақсат – жас буынның ұлттық сана мен елдік құндылықтарды терең ұғынуына ықпал ету.



ҚАТ МАМАНДЫҚ ҚАЙСЫ?

Индира БЕРЖАНОВА



Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметі бойынша Қазақстанға алдағы бірнеше жылда шамамен 3 миллион маман қажет. Ресми дерекке сәйкес, тапшы мамандардың тізімінде дәрігерлер, бастауыш сынып мұғалімдері, жүргізушілер, құрылысшылар, темір ұсталары, дәнекерлеушілер және өзге де жұмысшы мамандықтары көш бастап тұр. Елімізде маман таппай, тоқырап тұрған салалармен қатар, дипломы бар, бірақ жұмысы жоқтардың мәселесі тағы бар. Аталмыш қарама-қайшылық неден қалыптасып отыр? Еліміздегі жоғары оқу орындары еңбек нарығындағы сұранысты ескере ме?

МАМАНДЫҚ КӨП, МАМАН ТАПШЫ

Жақында Еңбек ресурстарын дамыту орталығының сарапшылары кадрларға қажеттіліктің 2025-2035 жылдарға арналған болжамын жариялап, оның шеңберінде алдағы уақытта нарыққа ең қажет делінетін 25 мамандықтың тізімін жасады. Аталмыш тізімге қатысты орталық мамандарынан сұрап білген едік.

– Орта мерзімді болжамға сәйкес 2025-2035 жылдар кезеңіне Қазақстан экономикасындағы кадрларға жалпы қажеттілік 2 млн 977 мың адамды құрайтын болады. Оның ішінде қызмет көрсету саласының үлесі – 72%. Қызмет көрсету саласынан сұраныс негізінен білім беру (448 мың адам) және денсаулық сақтау (240 мың адам) тарапынан ұсынылатын болады. Бұдан басқа, жиынтық сұраныстың шамамен 21%-ы немесе 634 мың адам бизнес-қызметтер саласына тиесілі болмақ, әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету (170 мың адам), қаржы және сақтандыру қызметі (166 мың адам) және ғылым саласына (160 мың адам) жатады, – делінген ресми жауапта.


Тізімнің көш басында тұрған мамандықтарды атар болсақ, денсаулық сақтау саласы қызметкері (67 884), аспаз (49 710), бастауыш сынып мұғалімі (38 772), балабақша тәрбиешісі (29 093), сантехник (27 448), құрылысшы (19 320) және өзгелері бар.

Осы тұста елімізде жұмысқа орналасу деңгейі төмен не керісінше, тізімде көш бастайтын мамандықтар бойынша сауалды «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасына жолдаған едік. Себебі, кәсіпкерлер палатасы жыл сайын жоғары оқу орындары білім беру бағдарламаларының сапасын анықтау мақсатында арнайы рейтинг жүргізіп келеді. Биыл оған еліміздің 95 жоғары оқу орны қатысты. 17 критерий бойынша жүргізілген рейтингте түлектердің мансаптық мүмкіндіктері, білім беру бағдарламаларының сапасы, жұмысқа орналасу деңгейі мен ұзақтығы және т. б. бағаланды. Тізімді саралайтын болсақ, өткен жылмен салыстырғанда түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі төмендегенін көруге болады. Былтыр бұл көрсеткіш 81 пайыз болса, биыл 75 пайызды құрады. Оған себеп болған негізгі факторлар туралы «Атамекен» ҰКП Басқарушы директоры – Адами капиталды дамыту департаментінің директоры Азамат Бейсенбеновтен сұрадық. Спикердің сөзінше, жалпы медицина және мейірбике ісі, информатика пәні мұғалімі мамандарына еңбек нарығында жұмыс табылып жатса, әлеуметтік ғылымдар саласы мамандары, саясаттанушылар, сән-дизайн, сызу, бейнелеу өнері сынды мамандықтарды таңдайтындарға сұраныс бола бермейтінін айтады.

– Кейбір мамандықтар бойынша еңбек нарығында артықшылық байқалады. Түлектер саны бос жұмыс орындарынан асып түседі. Екіншіден, экономикалық тұрақсыздық пен жекелеген салалардағы өсім қарқынының баяулауы жас мамандарды жұмысқа қабылдаудың азаюына әкелді. Сонымен қатар, түлектердің барлығында бірдей жұмыс берушілердің талаптарына сай келетін практикалық дағды жоқ. Бұған қоса, кейбір студенттер мамандықты дұрыс кәсіби бағдарсыз таңдайды, сәйкесінше бұл жұмысқа орналасуда қиындық тудырады, – деді маман.

2025-2035 ЖЫЛДАР КЕЗЕҢІНЕ ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНА ҚАЖЕТ КАДРЛАР

67 884	ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫ ҚЫЗМЕТКЕРІ
49 710	АСПАЗ
38 772	БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМІ
29 093	БАЛАБАҚША ТӘРБИЕШІСІ
27 448	САНТЕХНИК
19 320	ҚҰРЫЛЫСШЫ



БІЛІМ БЕРУ МЕН НАРЫҚ СҰРАНЫСЫНЫҢ АРАСЫ АЛШАҚ

Иә, жоғары оқу орындары еңбек нарығының сұранысын әлі де қамти алмай отыр. Өйткені филологтарды оқытуға бейімделген ЖОО білікті химик не инженерлерді оқытуға қауқарсыз келеді. Мұндайда грант үшін оқитын студенттер емес, грант үшін оқытатын ЖОО саны көп көрінеді. Осыны мәлімдеген ҚР Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер жөніндегі институтының қоғамдық пікірді мониторингтеу бөлімінің бас сарапшысы Гүлназ Қасымова қазіргі қазақстандық еңбек нарығындағы жағдай алаңдатарлық деңгейде дейді.

«Қазақстанда инженерия, IT, жаратылыстану ғылымдары саласында білікті маман тапшы, екінші тұрғыда гуманитарлық бағыттағы даярланған кадрлар саны көп болғанның өзінде, олар өз білімін іс жүзінде қолдана алмай жүр. Түлектердің мамандығына сай жұмыс таба алмауының негізгі себебі – білім беру жүйесі мен еңбек нарығының арасындағы алшақтық. Жоғары білім саласына мемлекет тарапынан қомақты қаржы бөлініп, мыңдаған грант ұсынылғанымен, нақты нәтиже көңіл көншітпейді.

ЖОО мен колледж түлектері көбіне қызмет көрсету саласына кетіп жатыр немесе жоғары білімді талап етпейтін жұмыс орындарын иеленуде. Мұндай үрдіс жұмыссыздықтың көбеюіне алып келеді. Бұл мәселені шешуде мектептегі кәсіби бағдар беру жүйесін жүйелеу маңызды. Бірақ еліміздің әр өңіріндегі мектептерде кәсіби бағдар бірізділікпен жүргізілмейді.

ГРАНТ БӨЛІНІСІ ҚАНДАЙ?

Мемлекеттік білім гранты иегерлерінің тізіміне зер салсақ, елімізге алдағы уақытта ең қажет мамандықтарды білуге болады. Иә, қай мамандыққа грант көп бөлінсе, сондай салада кадрлар қат екенін білдіреді. **Осы жылы бөлінген барлық 77 мың білім грантының 18 мыңы – инженерлік бағытқа, 13 мыңы – педагогикалық, 11 мыңы ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект бағытына жіктелді.** Гранттарды тағайындау конкурсына қатысу үшін 104 мыңнан астам талапкер құжат тапсырды.

Талапкерлердің грант саны көп, «қолжетімді» мамандықтарға түсуі жақсы нышан емес. Бастысы, грант деген бала оқуын әйтеуір тәмамдап, дипломы бар, жұмысы жоқ адамдардың қатарын еселейді, тіпті жұмыс істеген күннің өзінде сапасыз кадрлардың санын ғана арттырады. Бұл грантқа жұмсалған бюджеттің нәтижесіздігін тағы бір мәрте көрсетеді.

– Біз бір мектептің бастауыш сынып оқушыларына «Болашақта қай саланың маманы болғыңыз келеді?» деген ортақ сұрақ қойдық. Ғарышкер боламын дейтін бірде-бір бала жоқ. Инженер, дәрігер, мұғалім болуды армандайтындар санаулы. Қызығы, олардың арасында «тик-токер» боламын дегендер кездеседі. «Неге?» десек, «оларда ақша көп» деп жауап береді. Бастауыш сынып оқушысының көзқарасы осындай.

Бүгінде түлектердің жұмысқа орналасу мәселесі ойлантады. Себебі бір салада маман артылса, екіншісінде мүлдем тапшы.

«ҚАЗАҚСТАНДА ИНЖЕНЕРИЯ, IT, ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ САЛАСЫНДА БІЛІКТІ МАМАН ТАПШЫ, ЕКІНШІ ТҰРҒЫДА ГУМАНИТАРЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ ДАЯРЛАНҒАН КАДРЛАР САНЫ КӨП БОЛҒАННЫҢ ӨЗІНДЕ, ОЛАР ӨЗ БІЛІМІН ІС ЖҮЗІНДЕ ҚОЛДАНА АЛМАЙ ЖҮР. ТҮЛЕКТЕРДІҢ МАМАНДЫҒЫНА САЙ ЖҰМЫС ТАБА АЛМАУЫНЫҢ НЕГІЗГІ СЕБЕБІ – БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ МЕН ЕҢБЕК НАРЫҒЫНЫҢ АРАСЫНДАҒЫ АЛШАҚТЫҚ

Соның салдарынан оқушылар болашақ мамандығын таңдау кезінде көбіне дипломның беделіне қарап шешім қабылдайды, ал еңбек нарығындағы сұраныс ескерусіз қалады. Сондықтан білім саласына реформа енгізу – бүгінгі күннің нақты қажеттілігі. Егер кешенді өзгерістер жүзеге аспаса, еңбек нарығындағы тепе-теңдік бұзылып, әлеуметтік теңсіздік тереңдей түсуі мүмкін» деді Г.Қасымова.

Сарапшылар жыл сайын гранттың көп болуы біліксіз мамандарды көбейтеді деп дабыл қағуда. Мәселен, биыл Сұранысты қанағаттандыру үшін қажет мамандықтар туралы деректі үнемі жаңарту маңызды. Талапкерлердің болашақ мамандықты таңдауы үшін кәсіптік бағдар берушілер тарапынан жүйелі түрде кеңес алуды жолға қойған жөн. Ата-аналар арасында педагогпен кеңесіп, мамандық таңдау дегенді кейбірі білмейді. Гранты көп мамандықты таңдай салады. Оқу орындары да жастарға еңбек нарығы туралы ақпаратты ашық жеткізіп отыруы керек, – деді өз сөзінде «Профориентологтар» қауымдастығының төрағасы Жадыра Тойбай.

№94 (4838) 12/08/2025 Сейсенбі



КАВКАЗДАН ҚАЗАҚСТАНҒА ТӨТЕ ЖОЛ

АҚШ президенті Дональд Трамптың жұма күні Армения мен Әзербайжан басшыларымен Ақ үйде кездесуі Оңтүстік Кавказ арқылы өтетін стратегиялық транзит дәлізіне қатысты АҚШ-қа ерекше даму құқығын қамтитын бейбітшілік жөніндегі негіздемелік келісімге қол қоюмен аяқталды. Бұл келісім Ресеймен, Еуропамен, Түркиямен және Иранмен шектесетін, мұнай-газ құбырлары кесіп өтетін, бірақ жабық шекаралар мен ұзаққа созылған этникалық жанжалдарға бөлінген энергия өндіруші Оңтүстік Кавказ өңірін түбегейлі өзгертуі мүмкін.

ТАРИХИ БЕТБҰРЫС

АҚШ-тың бастамасымен жүзеге асқан маңызды геосаяси қадамның бірі ретінде Әзербайжан президенті мен Армения премьер-министрі 2025 жылы 8 тамызда Вашингтонда тарихи кездесу өткізді. Көп жылдар бойы шиеленісіп келген Қарабақ және шекара дауларына қарамастан, екі ел басшылары бір үстел басына отырып, бейбіт келісім жасауға уағдаласқан декларацияға қол қойды, сондай-ақ Зангезур дәлізінің болашағына қатысты түбегейлі шешімге келді. Бұл оқиғаны Әзербайжан президенті Ильхам Әлиев «Оңтүстік Кавказды дамыту мен ондағы тұрақтылықты қамтамасыз ету бағытындағы тарихи қадам» деп бағаласа, Армения премьер-министрі Никол Пашинян «Бұл – тарихи оқиға. Елдеріміздің егемендігі мен аумақтық тұтастығы аясында бейбітшілік орнады деп айта аламыз» деді. Ал Ақ үй бұл келісімді Камбоджа мен Таиланд арасындағы атысты тоқтатуға, Руанда мен Конго Демократиялық Республикасы, сондай-ақ Пәкістан мен Үндістан арасындағы бейбіт келісімдерге қол жеткізгеннен кейінгі тағы бір табысты қадам деп санайды. Ең маңыздысы, кездесу барысында АҚШ ұсынған TRIPP (Trump Route for International Peace and Prosperity) – Халықаралық бейбітшілік пен өркендеу жолы жобасы аясында келісімшартқа қол қойылды. Келісімге сәйкес, Армения Зангезур дәлізін дамыту және пайдалану құқығын АҚШ-қа 99 жылға жалға беруге келісті.

ДҮЙІМ ЖҰРТҚА ЖОЛ АШҚАН ДӘЛІЗ

Шарт бойынша АҚШ-тың арнайы құрылған халықаралық консорциумы дәліз бойында заманауи темір жол, мұнай-газ құбырларын, талшықты-оптикалық байланыс желілерін және логистика тораптарын салады. Сонымен қатар барлық инфрақұрылымның басқару, техникалық қызмет көрсету және қауіпсіздікті қамтамасыз ету функциялары да осы консорциумға жүктеледі.

Зангезур дәлізі – Оңтүстік Кавказдағы стратегиялық маңызды инфрақұрылым жобасы. Ол Әзербайжанның негізгі бөлігі мен оның Нахичеван Автономиялық Республикасы арасын Арменияның Сюник (Зангезур) облысы арқылы жалғастырады. Дәліздің ұзындығы 43 шақырымды құрайды. Бұл маршрут Еуропа мен Орталық Азия арасындағы транзит байланысын айтарлықтай қысқартады және шығынды төмендетеді. Сондай-ақ бұл дәліз – «Орта дәліз» (Middle corridor) транспорт желісінің ажырамас бөлігі. Ол Қытай мен Еуропаны Ресей мен Иранды айналып өтетін бағытта байланыстырып, логистика мүмкіндігін кеңейтеді.

Bloomberg басылымының жазуынша, Зангезур дәлізі ашылса, Еуропа мен Азия арасындағы жүк тасымалдау уақытын 12-15 күнге азайтуға болады. Бұл – қазіргі бар бағыттардан әлдеқайда тиімді болады деген сөз.

Oxford Economics-тің есептеуінше, дәліздің ашылуы жыл сайын компанияларға логистика тұрғысынан 20-30 млрд доллар үнемдеуге мүмкіндік береді.

Байланыс және сараптама орталығының мәліметінше, Зангезур дәлізінің ашылуы Әзербайжанға үлкен мүмкіндік болмақ. Баку бір жылда экспорт көлемін 700 млн долларға арттыра алмақ. Баку бұл бағытты энергия көздерін тасымалдау үшін де қолданбақ. Әзербайжан мен Еуропа газ жөнінде келісім жасасты. Келісім бойынша Баку 2023 жылы Еуропаға 12 млрд куб метр газ жеткізді. Ал 2027 жылға дейін бұл көрсеткішті 20 млрдқа арттыруы тиіс. ЕО-мен жасалған келісімшартта солай жазылған.

Сарапшылардың пікірінше, бұл келісімнің геосаяси салмағы орасан зор:

Біріншіден, дәліздің бақылауы АҚШ-тың қолына өтуі Ресей мен Иранның өңірдегі ықпалын айтарлықтай әлсіретеді.

Екіншіден, Вашингтон бұл қадам арқылы Оңтүстік Кавказда өз қатысуын күшейтіп, жаңа өңірлік тепе-теңдік орнатуға мүмкіндік алады.

Үшіншіден, жоба табысты жүзеге асса, Кавказдағы сауда жолдары мен транзит желілері жаңа деңгейге көтеріледі, бұл тек Әзербайжан мен Арменияға емес, Орталық Азия елдеріне, соның ішінде Қазақстанға да елеулі пайда әкелмек.

ҚАЗАҚСТАНҒА АШЫЛҒАН ҚАЙЫРЛЫ ҚАҚПА

Қазақстан Әзербайжан бағыты арқылы көбірек мұнай тасымалдауға ниетті. 2022 жылы Ресей аумағы арқылы өтетін КТК құбырында (Каспий құбыр желісі консорциумы) 4 мәрте мәселе туындады. Құбырда жөндеу жұмысы көбейіп, оқыс оқиғалар саны күрт артты. Қазақстан мұнайды басқа бағыттар арқылы да тасымалдауды арттыру жолдарын іздеді. Сол бағыттардың бірі – Трансқаспий бағыты. 2022 жылдан бері Қазақстан Әзербайжан арқылы мұнай тасымалдауды 6 есеге ұлғайтты. Зангезур дәлізі іске қосылған жағдайда, Қазақстаннан Еуропаға немесе Түркияға бағытталған жүк ағымы Ресей аумағын айналып өтіп, әлдеқайда қысқа әрі қауіпсіз жолмен жетеді.

Жүк тасымалы уақыты мен шығынын қысқартады. Қазіргі Каспий арқылы Баку – Тбилиси – Карс бағытына қосылатын тасымалға кететін уақыт орта есеппен 12-14 күн болса, Зангезур дәлізі ашылған соң, бұл мерзім 7-8 күнге дейін қысқаруы мүмкін. Сондай-ақ бұл қазақстандық экспорттаушыларға тасымал құнын 20-25% азайтуға мүмкіндік береді.

Каспий – Кавказ – Түркия бағытында жаңа транзит торабы. Қазақстанның Ақтау және Құрық порттары Зангезур дәлізі арқылы өтетін жүктер үшін негізгі теңіз қақпасына айналады. Бұл порттардағы жүк айналымын арттырады, логистика орталықтары мен қойма инфрақұрылымына инвестиция тартады.

Түркі әлемі интеграциясын күшейтеді. Зангезур дәлізі Түркия мен Әзербайжанды тікелей байланыстырады, ал Қазақстан осы екі елмен Түркі мемлекеттері ұйымы аясында одақтас. Бұл дәліз ортақ энергетика және көлік жобаларын жандандырады, түркі әлеміндегі экономикалық кеңістікті нығайтады.

Энергетикалық транзит мүмкіндіктері артады. Дәліз тек жүк пен жолаушы тасымалына ғана емес, мұнай-газ және электр қуатын жеткізуге де қызмет етеді. Қазақстан болашақта Каспий мұнайын осы дәліз арқылы Түркия және Жерорта теңізі нарығына шығара алады. Талшықты-оптикалық кабель тарту арқылы Қазақстанның халықаралық интернет арналарындағы жылдамдығы мен тұрақтылығы артады.

Геосаяси тұрғыдан әртараптандырады. Зангезур дәлізі Қазақстан үшін Ресей мен Иран бағыттарына балама коридор қалыптастырады. Бұл логистикалық тәуелділікті азайтады, сыртқы саясатта маневр жасау мүмкіндігін кеңейтеді, инвестициялық тартымдылықты арттырады.

Жаңа жұмыс орындары және аймақтық дамуға тиімді. Дәлізге қызмет көрсететін логистика орталықтары, теміржол және порт инфрақұрылымы жаңа жұмыс орындарын ашып, Маңғыстау және Атырау өңірлерінің экономикалық белсенділігін арттырады.

ҚАРСЫЛЫҚ ТА ЖОҚ ЕМЕС

Бастысы, қазір ЕО елдері Ресейдің газынан бас тартып, орнына балама іздеуде. Еуропа Әзербайжан және Түрікменстаннан газ алуға, ал Қазақстаннан мұнай алуға мүдделі екенін айтты. Бұл Зангезур дәлізінің маңызын арттыра түспек. Себебі энергия көздерін тасымалдау тек құбыр арқылы емес, жүк көліктері арқылы да дайын өнім күйінде ұсынылмақ. Алайда Зангезур дәлізінің ашылуына түбегейлі қарсы тараптар да бар. Иран – Арменияммен де, Әзербайжанмен де шектесетін ел – келісім аясында қарастырылған транзит дәлізін құруға бұрыннан қарсы. Дәліз ашылса, Иранның транзиттік потенциалы 30 пайызға азаймақ. Түркия жыл сайын орта есеппен Иран аумағы арқылы 45 мың жүк көлігін Орталық Азияға жібереді. Алайда дәліз ашылған сәтте, бұл көрсеткіш еселеп азаймақ. Иран генералы Я.Джавани И.Әлиев пен Н.Пашиняннның АҚШ, Британия және НАТО-ны Оңтүстік Кавказға тартуын үлкен қателік деп бағалады. Ол мұны Зеленскийдің НАТО-ға сенген қадамынан да ауыр деп санайды. Джавани АҚШ-қа 99 жылдық бақылау беретін келісімді сынап, Иранның Зангезур дәлізінің ашылуына жол бермейтінін айтты. Сонымен қатар Ресейдің Еуропаға сататын энергия көздері азайып, 10 жылда 30 млрд доллар жоғалтпақ. Дәліз ашылған сәтте, Кремльдің Кавказдағы ықпалы азая түседі.

Трамп әкімшілігі бұл көлік дәлізін Оңтүстік Кавказдағы стратегиялық мүмкіндік ретінде ақпан айының соңында-ақ анықтаған. Келесі аптада дәлізді қай американдық ұйымдар басқаратыны бойынша ресми келіссөздер басталады. Қазірдің өзінде 9 үміткерден, оның ішінде АҚШ-тағы 3 оператордан ұсыныс түскен. Ақ үйдің хабарлауынша, дәліз TRIPP (Trump Route for International Peace and Prosperity – Халықаралық бейбітшілік пен өркендеу жолы – «Трамп дәлізі») деп аталады.

P.S: ***АҚШ-тың 99 жылға жалға алған Зангезур дәлізі – тек Кавказдың ғана емес, Орталық Азияның да транзиттік картасын түбегейлі өзгертуге қабілетті жоба. Қазақстан үшін бұл – тасымал шығынын азайтып, экспорт мүмкіндігін кеңейту, түркі әлемімен интеграцияны тереңдету және геосаяси әртараптану жолындағы ірі мүмкіндік.***

Бетті дайындаған **Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ**

ЖАҺАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

САНКЦИЯ САЛАДЫ

Ұлыбритания Израильге қарсы экономикалық шектеу енгізеді. Бұған Тель-Авивтің Газа секторын толықтай басып алу жөніндегі шешімі себеп.



Сондай-ақ Лондон Израиль армиясына өз аумағында әскери жаттығу өткізуге тыйым салуы мүмкін. Осыған дейін Тұманды Альбион еврей елі үкіметінің бірқатар мүшесіне санкция салып, Израильмен еркін сауда жөніндегі келіссөзді тоқтатқан еді. Өткен аптада Премьер-министр Биньямин Нетаньяху Газаны толық бақылауға алатынын мәлімдеді. Ол аймақ ХАМАС-тан азат етілген соң, араб елдерінің басқаруына беріледі деп отыр.

ЖЕР СІЛКІНДІ

Түркияның батысында магнитудасы 6,1 балдық жер сілкінісі болды. Салдарынан Сындырғы қаласында ондаған тұрғын үй қирап қалған. 4 адам ауыр жарақат алып, ауруханаға жеткізілді.



Түркия Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметіне қарағанда, науқастардың жағдайына еш қауіп төніп тұрған жоқ. Көршілес Гёльджюк ауылында да бірнеше үйдің қабырғасы сөгілген. Сондай-ақ жерасты дүмпулері Болгария, Грекия және Кипрде де сезіліп, бірнеше афтершок тіркелді.

ӨЗ ЖОСПАРЫН ҰСЫНДЫ

Украина мен Еуропа елдері АҚШ-қа Украинадағы соғысты тоқтату жоспарын ұсынды. Оған сәйкес, бейбітшілік бойынша кез келген қадам атыс толық тоқтағаннан кейін жасалуы керек, екі жақ келіскен жағдайда ғана «жер алмасуы» мүмкін, Украина кейбір аумағын беруге келіссе, Украинаға қауіпсіздік кепілдігі берілуі керек, оған НАТО-ға мүше болу ықтималдығы да кіруі қажет.



АҚШ президенті Дональд Трамп пен Ресей басшысы Владимир Путиннің Аляскадағы кездесуі 15 тамызда өтеді. Кей мәліметке қарағанда, Мәскеу мен АҚШ келісуі мүмкін ықтимал бейбіт келісім жобасында Украинаның біраз аумақты беру туралы пункттер бар. Ал Зеленский Украина «өз жерін сыйға бермейді» деп мәлімдеді. «Ресейліктер ... Украина жерін Украина жеріне «айырбастау» идеясын алға тартады, бұл оларға соғысты қайта бастау үшін қолайлы позициясынан басқа ештеңеге кепілдік бермейді» деді В.Зеленский.

«АСТАНА АҚШАМЫ» – 35

АСТАНА РУХЫ БІЗДІ ҚАНАТТАНДЫРДЫ

Бас қаланың бас басылымына айналған газеттің өз жолы, тарихы, тағылымы бар.

Шынымды айтсам, мен редактор боламын деп ойлаған жоқпын. Мен сол тоқсаныншы жылдардың аяқ кезінде облыстық телеарнада «Толған-ай» деген әйелдерге арналған тележурнал ашып, соны жүргізіп жүргенмін. Бұл бағдарламада, негізінен, әйелдердің проблемасы қозғалды. Әсіресе, ауылда күн-түн қатып еңбек етіп жүрген замандастарымыз туралы жиірек сөз еттік. Содан да болар, бағдарлама көрермендер арасында үлкен қолдауға ие болды. Одан кейін әйелдер мәселесін кеңірек қаузап жүргеннен кейін қалада Мұсылман әйелдер лигасын құрып, оған қызмет істеп жүрген азаматтарды тарттым. Лига аясында көптеген қайырымды іс-шара өткіздік. Осы жұмыстармен жүргенде, «қала әкімі сізді іздеп жатыр, тезірек жетсін» деген хабар келді. Ол кезде Ақмола қаласының әкімі Әділбек Жақсыбеков. Әділбек Рыскелдіұлы жылы қарсы алып, мәселеге бірден көшті. «Біздің қалалық газетке редактор қажет. Алданға айтып көріп едім, ол кісі бола алмаймын деді. Алайда ол кісімен жұмыс істеу маған оңайырақ еді. Сіз енді оған қалай қарайсыз?» деді. Мен шошып кеттім. Сосын: «Мен ол газетке бара алмаймын» дедім. «Неге?» деп ойланып қарады. «Біріншіден, ол газеттің жағдайын жақсы білемін. Оған қомақты қаржы бөлінбейді. Қаржы болмағаннан кейін кадр жоқ. Білікті маман ақшаға келеді. Қазіргі әріптестерім газетті барымен шығарып отыр» деп жауап бердім. Қала басшысы: «Сізге қандай көмек қажет?» деді. Үш талабымды айттым. «Бірінші, еркіндік бересіз, екінші, кадр мәселесін өзім шешемін. Конкурс жариялап, журналистерді бір ай сынақ мерзіммен аламын. Үшінші, қаржы мен көлік керек» дедім. Сосын ол: «Жақсы, кадр мәселесін өзіңіз шешіңіз. Қаржы да, көлік те болады» деп сөзін қысқа қайырып, орынбасары Ахметолла Шәкіровке «редакцияға ертіп апарып, орнына отырғызыңыз» деді. Сөйтіп, газетке басшылыққа келіп, жұмысымды бастадым. Сол жылы қалалық мәслихаттың шешімімен бұрын «Ақмола ақиқаты» болып шығып келген газет «Ақмола ақшамы» болып өзгерді.

Кадр мәселесін бірден шешу оңай болған жоқ. Газетке ойы ұшқыр, қаламы жүйрік журналистерді тарту үшін жан-жаққа хабар жібердім. Бірде белгілі журналист Мұратбек Тоқтағазин: «Менің Талдықорғанда тұратын Талғат Батырхан деген досым бар. Жазуы да жақсы, мінезі де байыпты жігіт, соны аласыз ба?» деп айтып қалды. «Шақыр, жұмысқа аламын» дедім. Бұрын Талғаттың мақалаларын газет-журналдан оқып жүретінмін. Бір күні Талдықорғаннан Талғат келді. Оны бірден сынақсыз жұмысқа қабылдадым. Содан кейін Сағат Ошақбаев, Аманкелді Қиясты алдым. Бұрыннан осы газетте істеп келе жатқан Өріс Яшүкірқызы бөлім меңгерушісі болып қалды. Оқ пен оттың ортасынан келген Ғалым Қожабековті бір сөзге келмей алып қалдым. Оралдан – Таңатар Төлеуғалиев, Атыраудан – Темірхан Рамазанов, Жезқазғаннан Айтқадыр Тілеуов келді. Одан соң газетке белгілі журналист Жанболат Аупбаевтың келуіне Әлібек Асқаров пен Сауытбек Абдрахманов себепкер болды. Олар: «Жанболаттың астанаға келгісі келіп жүр, оған қалай қарайсыз?» деді. «Жанболатқа екі қолымды көтеремін, ол кісі келсе бірінші орынбасарым болады» дедім. Жанболат келгеннен кейін газеттің жұмысы одан әрі жандана түсті. Жанболат Ерғазы Әсембектің келуіне себепші болды. Шығыстан желдей жортып Бекен Қайрат келіп орналасты.



Сонымен ұжымға сайдың тасындай жігіттер жиналды. Шын мәнінде, Жанболат маған Алланың берген сыйы секілді болды. Ер-азамат ретінде оған салмақ та саласың, өтініш те айта аласың. Обалы нешік, ол газетке жан-тәнімен еңбек етті. Өзі де қанағатшыл, адал адам. Талғат Батырхан да сондай адал, тәубасы бар азамат. Екеуі де еш нәрсемен санаспай жұмыс істеді. Бірде Жәкең мен Тәкеңге: «Бұл жерде екеуіңнен асатын жұмыс жоқ. Мен қаржы табу мен газеттің таралымын көбейтумен айналысамын» деп екеуіне толық сенім білдіріп, газеттің таралымын көбейтуге күш салдым. Қаладағы жоғары оқу орындары мен колледждер, мектеп, мемлекеттік мекемелерге газеттің әрбір нөмірінен 50 дана алуға хат жаздым. Бұл жұмысқа журналистер де аянбай үлес қосты. Олар да әрбір мекемемен байланыс орнатып, таралымды біраз көбейтті. Жанболат Аупбаев «Егемен Қазақстанға» ауысқаннан кейін, бірінші орынбасар болып, Алматыдан белгілі жазушы Дидахмет Әшімханұлы келді. Дидахмет газетте көп істеген жоқ, бірақ сол 5-6 ай ішінде өз қолтаңбасын өшпестей қалдырды.

Бұл Ақмола енді ғана елорда болып жатқан кезең еді. Әлі де кешегі кеңестік кезеңнен қалған атаулар өзгере қойған жоқ. Әйтеуір, соларды біздің журналистер қалам ұшымен біраз түйреп, сынға алды. Одан кейін құрылыс жұмыстары қарқын алып, ірі компаниялар келе бастады. Сол кезде түрлі әлеуметтік мәселелер туындады. Дәл осы шақта Таңатар Төлеуғалиевтің «Гүлжанға сенсек, Тұранбиден түңілесіз» деген мақаласы жарқ ете қалды. Гүлжан есімді жас келіншек ауылдан астанаға жұмыс істеуге келіп, түріктердің құрылыс компаниясына құрылысшы болып орналасады. Соған аталған мекемеде жұмыс істейтін түрік, өзі бригадир Тұранби деген азамат тиісіп, ақыры Гүлжанды жұмыстан шығарып жібереді. Сөйтіп, Гүлжан біздің редакцияға осы мәселе бойынша көмек сұрап келді. Таңатардың мақаласы шыққаннан кейін құрылыс компаниясының өкілдері біраз тулап, бізге қарсылық көрсетті. Бірақ біздің мақаланы «Хабар» арнасының журналистері де іліп әкетті. Мақаланы қалалық әкімдіктің лауазымды тұлғалары да оқып, олар да қолдады. Ақыры, Тұранбиді жұмыстан босатып, елден қуып жіберді. Бұл жерде Таңатар Төлеуғалиевтің еңбегін ерекше айтқан жөн. Одан кейін журналист Өріс Яшүкірқызының «Баған басында жанған жігіт» деген мақаласы да қоғамда кәдімгідей сілкініс туғызды. Бізге бұл оқиға туралы бас кейіпкердің қарындасы шарасы қалмағандықтан шағынды. Оқиға бас инженердің жауапсыздығынан болған. Бұл мәселе де оңтайлы шешілді. Темірхан Рамазановтың «Отыз үйдің ойбайы» деген мақаласы да оқырмандарды дүр сілкіндірді. Ойымда қалған дүниелер осылар болып тұр. Әйтпесе, басылымда жарыққа шыққан өткір, елдің ынтасын оятқан мақалаларды біраз келтіруге болады.

Авторсыз да газеттің беделі мен бедерін елестету мүмкін емес. Біз қолдан келгенімізше, басылымның абыройы мен танымалдылығын көтеру үшін зерделі, айтары бар авторлардың ұсынған дүниелерін үзбей беруге тырыстық. Осы бағытта бізге жанашыр болған, қабырғалы қаламгер, ғалым Сауытбек Абдрахмановты бөлекше айтар едім. Ол кісі газеттен «Сұхбат» деген айдар ашып, онда елге ғана емес, әлемге танымал азаматтарды сөйлетті. Әсіресе, Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың біздің басылымға берген «Бұл кітап – менің перзенттік парызымның бір өтеуі» деген сұхбаты газет беделін биікке көтерді. Тұңғыш Президент сұхбатының соңына «Астана ақшамына» жылы лебізін білдірген. Бұл күнді тарихи күн деп бағалаймын. Одан кейін астанаға қонақ болып келген әйгілі актер, Михаил Ульянов, күміс көмей әнші Нұржамал Үсенбаева, елордалық пушкинтанушы Валентина Кириллова секілді аузы дуалы дарынды тұлғалармен жүргізген сұхбаттарын оқырмандар қызығып оқыды. Белгілі жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Алдан Смайылдың Ақмоланың тарихын тереңнен тартып жазған танымдық мақалалары да «Ақшамның» абыройын айшықтатты.

– Мен «Астана ақшамында» үш жылдан аса бас редактор болып еңбек еттім. Шындығында, астаналық биік талғам, ой тереңдігі, жазу мәнеріндегі парасаттылық пен мәдениет айлап емес, жылдап та емес, өмір бойы қалыптастады. Сол жылдары елорданың бас басылымының аз ғана уақытта еңсесін көтерген әріптестерімді мен қатардағы қаламгер ғана емес, астананың талантты қаламгерлері десем артық айтпас едім. Астаналық рух бізді қанаттандырды. Біздің ұжым бір үйдің баласындай тату-тәтті еңбек етті. Қазір сол күндерді жиі есіме алып отырамын. Өзіммен бірге қызмет істеген қыз-жігіттерге ұзақ ғұмыр тілеймін. Ал газетті мүмкіндігінше оқып тұрамын. Қазір саналы адамды толғандыратын проблема өте көп. Ұлттық құндылықтар өзгеріп, адам бойынан мейірімділік, адамгершілік секілді қасиеттер азайып барады. Әсіресе, обал-сауап пен ұят мәселесі алаңдатады. Осыны қазақ журналистері барынша жазып, көтеріп жүр. «Астана ақшамын» Нұртөре Жүсіп, Амантай Шәріп, Ерболат Қамен басқарған жылдары газет өз тақырыбы мен бағытын қайта тауып, жандана түсті. Өз оқырманы бар басылымға айналды. Қазір де осы бет-бейнесінен өзгерген жоқ. Оны басылым бетінде шыққан мақалалардан көремін. Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынов: «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деп бекер айтпаған. «Астана ақшамы» да ұлт ұстазы айтқан мұраттан айнымай, оқырмандарының ыстық ықыласына бөлене берсін!

Жұмагүл САУХАТ,
«Астана ақшамы» газетінің
бас редакторы
(22.12.1997 – 08.01.2001 жж.)
(Ж.Саухат 2021 жылы 19 желтоқсанда қайтыс болды)
(Мақала Ғ.Қожабековтің «Астана ақшамы» (2020 ж.) кітабынан алынды).

1997 жылдың 8 қарашасы күні ел астанасы мәртебесін алған Ақмолаға Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздер эталондары мен Президент байрағы салтанатты жағдайда жеткізілді.


АҚМОЛАДА ЕЛ ТУЫ ЖЕЛБІРЕДІ

ЕЛОРДА КӨШІ БАСТАЛДЫ

ҰЛТТЫҚ НАМЫСЫМЫЗҒА ТИЕДІ
1997 жыл, 28 наурыз, №13

Ақмола аграрлық университетінің қазақ халық аспаптар оркестрінің ұжымы, жетекшісі Багира Түсіпбекқызы Ахметова, осы университеттің қоғамдық мамандықтар факультетінің деканы Евгения Леонидовна Высотинаның өрескел тәртібіне көңілі толмағандықтан осы хатты жазуға мәжбүр болғанын айта отырып, Н.А. Тұңғышбаев, Б.Е. Абдрахманов, Б.М. Тәңірбергенова, Ж.Мұқашева, Г.С. Абитова, А.Асилова, Г.Асимова, Ж.Ж. Қасенов, Махметов, Айткенов, Хамитова, Қожабекова, Е.Тұрғанбаев, Н.Мусина, Б.Ахметова атынан редакцияға хат жолдапты.

Осы оркестрді құру үшін жатақханалар мен үйлерді өзі аралап, қабілеті бар студенттерді қоғамдық негізде ұлттық оркестр құруға үгіттеп, оны ұйымдастырған жетекшінің жұмысына жауапкершілікпен қарайтынын, өте білімді, мәдениетті адам екенін, алайда, ҚМФ деканы ұжымды ыдыратуды мақсат етіп отырғанын, сахнаға шығарылмағандықтан өздерінің өнерін көрсете алмай жүргенін, бұл олардың ұлттық намысына тиетінін жеткізеді.

Университеттің қазақ халық аспаптар оркестрінің ұжымы жоғарыда айтылған дәйекке байланысты және оның адал шешімін шығаруды жүзеге асыратын арнаулы комиссия құрылуын талап ете келе, комиссия жұмысының нәтижелерін баспасөз бетінде жариялауды да өтінеді.

ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ
18 сәуір, №16

Газеттің 28.03.1997 ж. нөмірінде «Ұлттық намысымызға тиеді» деген тақырыппен жарық көрген мақала авторларымен университеттің ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры Болашев Айтбай Қабыкешұлы әкімшілік, студенттік кәсіподақ комитеттерінің төрағалары Б.З. Естаев, Т.Ескендіровтің қатысуымен әңгіме жүргізгенін, нәтижесінде төмендегідей дәйек анықталғанын жазады.

Шаңырақ көтергеніне биыл 40 жылдығын атап өткелі отырған С.Сейфуллин атындағы Акмола аграрлық университетінің ректоры Б.Ө. Әлімжановтың атынан түскен хатты толық жариялай отырып, қалалық «Ақмола ақиқаты» газеті редакция қоржынына түскен материалдардың қай-қайсысын болмасын (автордың аты-жөні толық жазылған) газет бетінде жариялап, пікірталас туғызуға міндетті екенін, оқырман хаттарымен жұмыс істеу қашанда газеттер үшін жоғары мәртебелі және жауапты іс болып қала беретінін айтыпты.

ҚОНЫС ҚҰТТЫ БОЛҒАЙ!
6 маусым, №20

Ақмола қаласы еліміздің астанасы болып жарияланғаннан бері мемлекетіміздің басқару органдары жаңа астанадан өз қоныстарын белгілеп келе бастады. Сейсенбі күні Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат жөніндегі Ұлттық агенттігі Ақмолаға келгенін, Ақмола теміржол бекетінде Алматыдан келген қадірлі қонақтарды облыс әкімі А.Г. Браун, Ақмола арнайы экономикалық аймағы әкімшілік кеңесінің төрағасы, қала әкімі А.Қ. Бөлекпаев және басқа да ресми адамдар қарсы алғанын жазады.

Баспасөз және бұқаралық ақпарат жөніндегі Ұлттық агенттіктің төрағасы Алтынбек Сәрсенбаев агенттік үйіне кіру рәсімінде ыстық ықыласпен қарсы алған ақмолалықтарға алғысын білдіріп, агенттіктің құрамы толықтырылып, толыққанды жұмысқа кірісетінін мәлімдеді.

АҚМОЛАДА ЕЛ ТУЫ ЖЕЛБІРЕДІ
14 қараша, №46

1997 жылдың 8 қарашасы күні ел астанасы мәртебесін алған Ақмолаға Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздер эталондары мен Президент байрағы салтанатты жағдайда жеткізілді. Салтанатты митингті облыс әкімі Ж.Кәрібжанов кіріспе сөзбен ашты. Осыдан кейін республикалық ұланның бас қолбасшысы, генерал Сәт Тоқпақбаев Алматыдан Ақмолаға жеткізілген мемлекеттік рәміздер эталондарын Президентке табыс етті. Мемлекетіміздің көгілдір туы Президент ордасының үстінде желбірей көтерілді.

Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев өз тарихында маңызы орасан зор талай қоғамдық оқиғалардың куәсі болған Ақмола даңқты тың игеру кезінде талай жұрттың өкілдерін жатсынбай бауырына басқан, құтты мекеніне айналған қастерлі кала болғанын ескере келе, ендігі жерде ол тәуелсіздікті нығайтудың, мемлекеттікті орнықтырудың, әлеуметтік-экономикалық және саяси жаңғырулардың кіндігіне айналатынына сенім білдірді.


ҚОНЫС ҚҰТТЫ БОЛҒАЙ

КІТАПХАНАШЫ АҚЫНДАР МҮШӘЙРАСЫ

Ұлттық академиялық кітапханада тұңғыш рет кітапханашылар мен кітапхана саласында қызмет ететін ақындар арасында Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына арналған «Абайдың алып айдыны» атты республикалық жыр мүшәйрасы ұйымдастырылып, жүлдегерлерді марапаттау салтанаты өтті.

Мәдениет пен әдебиетті, ұлттық ғылым мен өнерді қолдау, кітапхана мен кітапханашы еңбегін насихаттау мақсатында өткен байқауға қатысуға 100-ге жуық үміткер өтінім жіберіп, 75 қатысушы өзара бақ сынасты.

Байқауға зиялы қауым өкілдері, белгілі ақын-жазушылар қазылық етті. Аталмыш кітапхана басшысы Күміс Сейітова жиналғандарды Абай тойымен құттықтап, қатысушыларға сәттілік тіледі. Кітапхананың ғылыми хатшысы, халықаралық «Абай қорының» басқарма мүшесі Аслан Ғафуров, мүшәйраның қазылар алқасының төрағасы, көрнекті жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әлібек Асқаров, ақын, жазушы Нұржан Қуантайұлы жыр додасының маңыздылығына тоқталды.



Бас жүлдеге тігілген 500 мың теңгені Ә.Тәжібаев атындағы Қызылорда облыстық ғылыми әмбебап кітапханасының қызметкері Ақжол Түменбай жеңіп алды. Бірінші орын (300 мың теңге) Алматы қаласындағы орталық кітапханалар жүйесі №4 кітапхана филиалының басшысы Әлия Іңкәрбекке бұйырды. Екі екінші орынды (200 мың теңгеден) Л.Толстой атындағы Қостанай облыстық ғылыми әмбебап кітапханасының қызметкері Анаргүл Шалғынбай мен Шығыс Қазақстан облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасының қызметкері Дана Исағұлқызы еншіледі. Үшінші орын (100 мың теңгеден) төрт ақынға берілді. Олар – Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Пионер ауылының мектеп кітапханашысы Алтынкүл Қыпшақбаева, Алматы қаласындағы «Ғылым ордасы» республикалық мемлекеттік кітапхананың қызметкері Толқын Нұрсәуле, Ақмола облысы, Қосшы қаласындағы орталық кітапхананың қызметкері Сымбат Қуандықова, С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық ғылыми әмбебап кітапханасының қызметкері Аманжол Исламғали.

Сондай-ақ Абай атындағы және Оралхан Бөкей атындағы арнайы сыйлықтар, Ұлттық академиялық кітапхана кәсіподағының арнайы сыйлығы мен ынталандыру сыйлықтары иелерін тапты.

Жыр мүшәйрасының жүлдегерлеріне ақшалай сыйлықтармен қатар, арнайы дипломдар мен «Абай – 180 жыл» мерейтойлық төсбелгісі, осы мүшәйра өлеңдерінен құрастырылып басылған «Абайдың алып айдыны» атты кітап табыс етілді.



ҮШ ТҰЛҒАНЫҢ ТАҒЫЛЫМЫ

Астана қаласы Орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты №12 көпшілік кітапханада «Абай, Мұхтар, Қайым – біртұтас әлем» атты дөңгелек үстел отырысы мен «Әлемдік ойдың алыбы» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Іс-шараның мақсаты – ұлы ақын, ойшыл, ағартушы, қазақтың жазба әдебиетінің негізін қалаушы Абай Құнанбайұлының рухани мұрасын кеңінен насихаттау. Оған елордадағы Байқоңыр ауданы ардагерлер кеңесінің мүшелері, зиялы қауым өкілдері және кітапхана оқырмандары қатысты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы» деген тұжырымын негізге алған ұстаз, ғалым, Білім беру ісінің үздігі Оқан Рахымбайұлы үш алыптың өнегелі өмірі мен рухани сабақтастығы жайында әңгіме өрбітті. Абайдың даналық сөздері мен идеяларына тоқталып, оны бүгінгі қоғамда рухани бағыт-бағдар ретінде ұсынудың маңызы жайлы айтты. Соның ішінде Абайдың, Мұхтардың және Қайым Мұхамедхановтың рухани сабақтастығын дәріптеу арқылы ұлттық таным мен интеллектуалды ұлт қалыптастыру идеясына тоқталды.

Жиында Абай Құнанбайұлының шығармаларын ұлттық идеологияның рухани өзегі ретінде насихаттау, Абай, Мұхтар және Қайым сынды үш ірі тұлғаның өмірі мен мұрасын жастар арасында кеңінен дәріптеу, Абай әлемі арқылы жастарды елге, ұлтқа адал қызмет етуге, адамгершілік пен парасаттылыққа тәрбиелеу, Мемлекет басшысының «Жаппай кітап оқитын ұлтқа айналуымыз керек» деген бастамасын қолдау және оны жүзеге асыруға үлес қосу мәселелері талқыланды.



АБАЙ ТОЙЫ – ЖАПОНИЯДА

Жапонияның Осака қаласында EXPO-2025 көрмесі өтіп жатыр. Жаһандық көрме «Өміріміз үшін болашақ қоғамын құру» тақырыбына арналды. Оның аясында Қазақстанның ұлттық күні салтанатты түрде ашылды. Міне, сонда EXPO-2025 дүниежүзілік көрмесінің ұйымдастырушылары ұлы Абайдың туған күнін Қазақстанның ұлттық күні деп жариялады.



Іс-шараға ҚР Сауда және интеграция министрі Арман Шаққалиев, Қазақстан Республикасының Жапониядағы елшісі Ерлан Баударбек-Қожатаев, Жапонияның Экономика, сауда және өнеркәсіп вице-министрі Като Акиоши, Астана қаласы Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының басшысы Халел Әкімжанов, «QazExpoCongress» ҰК» АҚ басқарма төрағасының бірінші орынбасары – EXPO 2025 Osaka дүниежүзілік көрмесінде Қазақстан секциясының бас комиссары Дәулет Еркінбаев, елорданың Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасының басшысы Алтынбек Ахметов, «Astana Tourism» туризмді дамыту орталығының басқарма төрағасы Артём Квашук пен «Astana Innovations» АҚ басқарма төрағасы Ғизат Әмірғали қатысты.

EXPO-2025 басты тақырып үш бағыт бойынша ашылды: «Өмірді құтқару», «Мүмкіндіктерді кеңейту» және «Өмірді біріктіру». Көрмеге 150 ел және 9 халықаралық ұйым қатысты. Келушілер саны шамамен 28,2 млн адамға жуықтаған. Қазақстанның павильоны шаңырақ символында тарихқа, мәдениетке, экономикалық көрсеткіштерге, экожүйеге, туризмге, инвестицияға, инновацияға ерекше назар аударған.

ЖҮРЕКТЕН – ЖҮРЕККЕ...

Елордада жыл сайын өтетін «Juregimnin Jenimpazy» атты қайырымдылық жүгіру фестивалі өтті. Оған еліміздің түкпір-түкпірінен келген 4,7 мың адам қатысты.

Іс-шараны Heart Center Foundation қоғамдық қоры ұйымдастырды. Ынтымақтастық туралы меморандум аясында қор жарыс қорытындысы бойынша Республикалық трансплантацияны үйлестіру орталығына 15 млн теңге көлемінде грант тапсырды.

Қатысушылар 1, 3 және 10 шақырымдық қашықтықты жүгіріп өтіп, ағза ауыстыруды күтіп отырған науқастарға қолдау көрсетті. Ресми деректерге сәйкес, Қазақстанда жүрек, бүйрек, бауыр немесе өкпе трансплантациясына 4 мыңнан астам адам мұқтаж. Оның ішінде 3 мыңнан астамы бүйрекке, ал 145-і жүрекке зәру.

Қордың негізін қалаушы, UMC басқарма төрағасы, белгілі кардиохирург Юрий Пя Қазақстанның Орталық Азиядағы трансплантация және қайтыс болғаннан кейінгі донорлық дамыған жалғыз ел екенін атап өтті.

«Біздің еліміз – Орталық Азиядағы трансплантация және қайтыс болғаннан кейінгі донорлық дамыған жалғыз мемлекет. Бұл – елдің даму деңгейінің көрсеткіштерінің бірі. Алғашқы жүрек трансплантациясы жасалғанына дәл 13 жыл болды. Сол кезден бері ота саны айтарлықтай артты. «Juregimnin Jenimpazy» жобасы қоғамда донорлық туралы түсінікті қалыптастыру мақсатында өткізіледі, бұл оның құндылығын көрсетеді» деді ол.

Жарысқа қатысушылардың қатарында дәрігерлер мен бейжай қарамайтын азаматтар ғана емес, донорлық орган трансплантациясын күту тізімінде тұрған диализдегі науқастар да болды.

«Juregimnin Jenimpazy» 2018 жылдан бері өткізіліп келеді. Ол алғашында небәрі 60 адам қатысқан шағын веложарыстан басталған еді, бүгінде ол мемлекеттік секторды, бизнесті және мыңдаған жанашыр қазақстандықты біріктіретін ауқымды әлеуметтік қозғалысқа айналды.



www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс №94
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – **Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ**

ASTANA AQSHAMY